

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
комерциялық емес акционерлік қоғамы**



**Ерекше білім беру қажеттіліктері бар
білім алушылармен жұмыс туралы
ЕРЕЖЕ**

Е ҚАЗҰУ ЕББҚБЖ - 403

Келісілді

Сапа бойынша басшылық өкілі

М. Алексеева

Алматы, 2024

Дайындағандар:

П. Ибрагимов, Ж.Базарбаева, А.Абдыров, Ж.Кусаинова, А.Ералиева, Л.Умарова

Осы Ереже ерекше білім алу қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту бойынша университеттің мақсаттары мен міндеттерін, негізгі функцияларын, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыруды, оку-әдістемелік және кадрлық қамтамасыз етуді айқындайды.

Ереже университеттің Фылыми кеңесінде бекітілген, 2024 жылғы 01 наурыздағы №9 хаттама.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Негізгі мақсаттар мен міндеттер.....	5
3. Университеттің инклюзивті оқыту бойынша негізгі функциялары.....	5
4. Инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық қолдауды үйымдастыру.....	6
5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмысты үйымдастыру.....	6
6. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.....	7
7. Білім беру процесін үйымдастыруды кадрлық қамтамасыз ету.....	8
8. Қорытынды ережелер.....	9

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс туралы» Ереже (бұдан әрі - Ереже) «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында (бұдан әрі - Университет) денсаулық мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды (бұдан әрі – ДМШ білім алушылар) оқыту шарттарын ұйымдастыру және олармен жұмыс жүргізу тәртібін белгілейді.

1.2 Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасында мугедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік жастар саясатының Тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидаларымен», «Қазақстан Республикасының халқына сурдологиялық көмек көрсету қағидаларымен», сонымен бірге Университет Жарғысына сәйкес әзірленген.

1.3 Осы Ережеде мынадай негізгі ұйымдар пайдаланылады:

- **ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс-кемсітушіліктің барлық түрлерін жоюды, әртүрлілікті, әртүрлі қажеттіліктер мен қабілеттерді, оқушылар мен қауымдастықтарды оқытудағы сипаттамалар мен сұраныстарды ескере отырып, барлығына сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі;**

- **денсаулық мүмкіндігі шектеулі білім алушы -** арнайы жағдайлар жасалмаса, білім алуға кедергі келтіретін бойындағы физикалық және (немесе) психологиялық дамуында кемшіліктері психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиямен расталған тұлға;

- **инклюзивті білім беру-ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс;**

- **ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар-тиісті деңгейдегі білім және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларды жасауды тұрақты немесе уақытша қажетсінетін адамдар;**

- **ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау-білім алу үшін қажетті арнайы жағдайларды анықтау;**

- **бейімделген білім беру бағдарламасы-ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды олардың психофизикалық даму ерекшеліктерін, жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқытуға бейімделген және қажет болған жағдайда аталған адамдардың даму бұзылыстарын түзетуді және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім беру бағдарламасы;**

- **психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу-білім беру ұйымдарында жүйелі ұйымдастырылған қызмет, оның барысында ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды табысты оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалады.**

Қазіргі халықаралық қоғамдастықта адамдар арасындағы айырмашылықтарды құрметтеудің жаңа мәдени нормасы қалыптасты және адамның даралыққа құқығы, қоғамның оның белгілі бір ерекшеліктерін, оның ішінде білім алушағы ерекшеліктерін мойындауы және ескеруі танылады. Сондықтан білім берудің инклузивтілігі оку процесінде білім алушылардың әртүрлі ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін және әртүрлі қажеттіліктерін танудан басталады.

1.4 Университет денсаулық мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың жоғары білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасайды. Денсаулық мүмкіндігі шектеулі (бұдан кейін-ДМШ) тұлғалардың білім беру бағдарламалары бойынша жоғары білім алу үшін арнайы жағдайлар деп арнайы білім беру бағдарламалары мен оқыту мен тәрбиелеу әдістері, арнайы оқулықтарды, оку құралдары мен дидактикалық материалдарды, ұжымдық және жеке пайдалануға арналған оқытудың арнайы техникалық құралдарын пайдалану, білім алушыларға қажетті техникалық көмек көрсететін асистент (көмекші) қызметін ұсыну, топтық және жеке түзету сабактарын өткізу, Университетке кедергісіз кіру мүмкіндігін қамтамасыз ету және сонымен бірге денсаулық мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың білім беру бағдарламаларын қындықсыз игеруіне мүмкіндік беретін басқа да жағдайлар түсініледі.

2. НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

2.1 Қызыметтің негізгі мақсаты

2.1.1 Ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерінің әртүрлілігін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тәң қолжетімділікті қамтамасыз ету.

2.2 Міндеттер

2.2.1 Психофизикалық дамуындағы кемшіліктерді барынша түзету мақсатында ДМШ білім алушыларды психологиялық-педагогикалық және медициналық - әлеуметтік сүйемелдеудің тиімді жүйесін құру.

2.2.2 ДМШ білім алушылардың мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламаларын игеруі.

3. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

3.1 ДМШ білім алушылардың білім беру үдерісін кешенді сүйемелдеуді жүзеге асыру медициналық-әлеуметтік сараптама қызыметінің немесе психологиялық-педагогикалық комиссияның ұсынымдарына сәйкес жүргізіледі.

3.2 Ұйымдастырушылық-педагогикалық сүйемелдеу инклузивті білім беру жағдайында оку процесінің кестесіне сәйкес ДМШ білім алушылардың окуын бақылауға бағытталған және мына жұмыстарды қамтиды: сабакқа қатысады бақылау, денсаулығы нашарлаған жағдайда өзіндік жұмысты ұйымдастыру, аралық және қорытынды аттестаттаудан өтуді онтайландыру және т. б.

3.3 Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ДМШ білім алушылардың жеке басын зерттеуге, дамытуға және түзетуге, оның психодиагностикалық процедуralар, психологиялық профилактика және жеке кемістіктерді түзету арқылы оларды кәсіби қалыптастыруға бағытталған.

3.4 Медициналық-сауықтыру қолдауы ДМШ білім алушылардың физикалық жағдайын диагностикалауды, денсаулығын сақтауды, бейімделу әлеуетін дамытуды, окуға бейімдеуді қамтиды.

3.5 Әлеуметтік сүйемелдеу-бұл білім беру процесіне сәйкес ДМШ білім алушыларды инклузивті оқыту кезінде әлеуметтік қолдау, соның ішінде тұрмыстық мәселелерді шешуге көмектесетін іс-шаралар жиынтығын шараларын қамтиды.

3.6 Білім беру процесінің барлық қатысушылары, оның ішінде ДМШ білім алушылары үйлесімді дамитын кәсіби және әлеуметтік-мәдени ортаны құру.

3.7 Өзінің құрылымында ДМШ білім алушылардың кенеттен деңсаулығы нашарлаған кезде медициналық көмек көрсету үшін емдеу-сауықтыру бөлімшесін қалыптастыру.

4. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТАЫРУ

4.1 ДМШ тұлғаларды университетке оқуға медициналық қарсы көрсетілімі жоқ білім беру бағдарламаларына (білім берудің кез келген деңгейіне) қабылданады.

4.2 ДМШ тұлғаларды университетке қабылдауды Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрлігі бекітетін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау тәртібіне сәйкес қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

4.3 Білім алушыларға қызмет көрсету орталығы қабылдау комиссиясынан алынған мәліметтер негізінде оқуға тұсу кезеңдерінде ДМШ білім алушыларды есепке алууды жүзеге асырады.

4.4 ДМШ білім алушыларды арнайы есепке алу «Platonus» АЖ-де жүргізіледі.

4.5 Инклузивті оқытуға қабылданған ДМШ білім алушыларды психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдау жұмысын Тәрбие жұмысы департаментіне қарасты жастар ісі жөніндегі комитет, психологиялық қолдау орталығы жүргізеді.

4.6 Кешенді көмек көрсету үшін кәсіптік бағдар беру жұмысын жүзеге асыратын, жұмысқа орналасуға ықпал ететін мансап және өндірістік практика орталығының мамандары; оку процесін сүйемелдеу, инклузивті білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша консультациялық көмек көрсету үшін білім беру бағдарламаларын жобалау бөлімі; онлайн білім беру платформаларында жұмыста техникалық қолдау көрсету үшін ақпараттық технологиялар орталығы; кедергісіз ортаны дамыту үшін активтерді басқару департаменті тартылады.

4.7 Инклузивті білім беруді іске асыруды қамтамасыз ету және ДМШ білім алушыларды қолдау үшін әрбір факультетте және жоғары мектептерде инклузивті білім беру қызметінің жауапты/үйлестірушісі (бұдан әрі - үйлестіруші) тағайындалады.

5. ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТАЫРУ

5.1 Тірек-қимыл аппараты бұзылған ДМШ білім алушылар үшін университетте материалдық-техникалық қамтамасыз ету жағдайлары, білім алушылардың оқу ғимараттарына, үйымның дәретхана және басқа да үй-жайларына кедергісіз кіруі, сондай-ақ көрсетілген үй-жайларда (пандустардың, тұтқалардың, кеңейтілген есіктердің, басқа да құрылғылардың болуы) мүмкіндіктер жасалады.

5.2 Мүгедектер мен көру қабілеті бойынша ДМШ білім алушылар үшін қажет болған жағдайда:

- көру қабілеті нашар адамдарға арналған Интернет желісінде университеттің ресми сайтының балама нұсқасының болуы;

- зағип немесе нашар көретін білім алушылар үшін қолжетімді жерлерде және оқу сабактарының кестесі туралы анықтамалық ақпаратты бейімделген нысанда (олардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып) орналастыру;
- білім алушыға қажетті көмек көрсететін асистенттің болуы;
- баспа материалдарының (ірі қаріп немесе аудио файлдар) баламалы форматтарын шығаруды қамтамасыз ету.

5.3. ДМШ талапкерлер мен білім алушылар үшін арнайы қосымша білім беру - оңалту бағдарламаларын іске асыру Университетте осы бағдарламаға екі пәнді: пәндік дайындық (ЖОО-ға тусу үшін қажетті) және бейімдеу пәнін (одан әрі инклузивті оқытуға бағдарланған) енгізу арқылы үйымдастырылады.

5.4. Университет аумағы ғимараттар мен үй жайларға, аумаққа кіруді қамтамасыз ете отырып, қозғалысы шектеулі білім алушылардың кедергісіз, қауіпсіз және ыңғайлы жүріп-тұру шарттарына сәйкес келеді.

5.5. Инклузивті оқытууды қамтамасыз өтетін ғимараттарда тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға кіру мүмкіндігі бар.

5.6. Университетте инклузивті оқыту жүзеге асырылатын аудиторияларда арнайы жабдықталған орындар бар.

5.7. Білім берудің инклузивті процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету есту, көру және тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға есептелген.

5.8. Университет ДМШ білім алушыларға негізгі білім беру бағдарламасының вариативті бөлігіне енгізілген таңдау бойынша мамандандырылған пәндерді игеруге мүмкіндік береді.

5.9. Университет жүзеге асыратын оқыту әдістерін таңдау олардың ДМШ білім алушыларға қолжетімділігімен анықталады.

5.10. ДМШ білім алушылар үшін практикадан өту орындарын таңдау олардың білім алушылардың осы санаты үшін қолжетімділік талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады.

5.11. Ағымдағы және қорытынды аттестаттауды өткізу ДМШ білім алушылардың ауруларының өту барысының ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

5.12. Қажет болған жағдайда ДМШ білім алушыларды оқытуудың жеке оқу жоспарлары мен жеке кестелері әзірленуі мүмкін.

5.13. Университет ДМШ білім алушылардың ауруының өту барысын ескере отырып, оқу ақпаратын сапалы беруді және игеруді қамтамасыз етуге қабілетті электрондық оқыту құралдарын пайдаланады.

5.14 Білім беру бағдарламаларын жобалау бөлімі ДМШ білім алушылардың оқу іс-әрекетін үйымдастыру бойынша әдістемелік құралдарды, психофизикалық дамуының әртүрлі бұзылулары бар студенттерге қол жетімді және бағдарланған оқыту әдістерін, мүгедектігі бар студенттердің оқу жетістіктерін бақылау мен бағалаудың жеке нысандарының әдістерін, олардың мүмкіндіктеріне бейімделген әдістемелерді әзірлеуі керек.

6. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

6.1 ДМШ білім алушыларды оқытууды үйымдастыру үшін университетте мына жағдайлар жасалуы керек:

- ДМШ білім алушыларға арналған порталдың, сайттың веб-қолжетімділік талаптарына сәйкестігі (нашар көретіндерге арналған нұсқа, субтитрлеу, жоғары сапалы бейне және аудио-материалдар және т. б.);

- ДМШ білім алушылар үшін тыңдау және оқу бойынша арнайы қосымшаларды пайдалану және т. б.;
- ДМШ білім алушыларға арналған жаппай онлайн курстардың қолжетімділігі;
- электронды және қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып білім беру процесін ұйымдастыру университеттің академиялық саясатымен реттеледі;
- ДМШ білім алушылардың денсаулығының шектеулеріне бейімделген формаларда баспа және электрондық білім беру ресурстарымен қамтамасыз етіледі;
- кафедралардың оқытушылары оқу материалдарын жасау кезінде қол жетімділіктің негізгі принциптеріне сәйкестігін қамтамасыз етуі керек (мазмұнның түсінігі мен болжамдылығы, суреттер үшін балама мәтінді көрсету, қарапайым сөз, материалдың қысқаша мазмұны және т. б.);
- Университеттің ғылыми кітапханасы ДМШ білім алушылардың ақпарат қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, кітап қорын толықтыру үшін сұраныстарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді (мысалы, аудио оқулықтар, Брайль тіліндегі оқулықтар), мүгедек студенттердің қажеттіліктерін ескере отырып, баспа материалдарын цифрландыруды жүзеге асырады.

7. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ КАДРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- 7.1 Декандар, факультеттер, жоғары мектептер декандарының орынбасарлары:
- академиялық күнтізбеге сәйкес ДМШ білім алушыларды оқытуды бақылау;
 - сабакта қатысады бақылау;
 - ауырған жағдайда өздік жұмысты ұйымдастыруға көмек көрсету;
 - білім алушылар ұзақ уақыт болмаған кезде жеке консультациялар ұйымдастыру;
 - аттестаттауды, сынақтарды, емтихандарды тапсыруды, академиялық берешектерді жоюды бақылау;
 - оқу процесінде оқытушылармен өзара іс-қимылды түзету;
 - ДМШ білім алушылардың психофизикалық ерекшеліктері, қындық жағдайларын түзету бойынша оқытушылар мен қызметкерлерге кеңес беру.

7.2 ДМШ білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің арнайы педагогикалық тәсілдері мен әдістерін менгерген педагог қызметкерлерді даярлауды университеттің жоғары мектептері мен факультеттері қамтамасыз етеді, сондай-ақ осындай қызметкерлерді университетке тартуға жәрдемдеседі.

7.3 Университеттің профессор оқытушлар құрамы ДМШ білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктерін және олардың денсаулық жағдайын ескеруге, студенттердің көрсетілген санаты бойынша білім алу үшін қажетті арнайы жағдайларды сақтауға, қажет болған жағдайда медицина қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасауға міндетті. Осы мақсатта ДМШ білім алушылармен жұмыс істейтін оқытушылар олардың психофизиологиялық ерекшеліктері, оқу ақпаратын қабылдау-беру ерекшеліктері, ДМШ білім алушыларды жұмыс барысында әртүрлі нозологияларды ескере отырып, арнайы оқыту құралдарын қолдану туралы білім алу мақсатында қосымша даярлықтан (қайта даярлаудан) өтуі керек.

7.4 Оқу процесін жоспарлауға және ұйымдастыруға қатысатын әкімшілік-басқару персоналы (ӘБП) қатарындағы қызметкерлер жеке ерекшеліктері бар

студенттермен тыторлар мен әдвайзерлері ретінде ДМШ білім алушылармен жұмыс істеу үшін нұсқаулықтан немесе оқытудан, жоспарлы дайындықтан өтуі тиіс.

7.5 Кадрлар іс бөлімі ДМШ білім алушылармен жұмыс бойынша біліктілікті арттыру бойынша арнайы курстардан өткен ПОК, ӘБП-ны бақылауды, есепке алууды жүргізеді.

7.6 Қажет болған жағдайда университет штатына тытор, әлеуметтік педагог (әлеуметтік қызметкер), сурдоаудармашы, көмекші және компенсаторлық жабдықтарға қызмет көрсету жөніндегі маман-техник, оқырман (загиптар үшін) және басқа да қажетті мамандар лауазымдары ДМШ білім алушылардың білім беру процесін кешенді сүйемелдеу мақсатында енгізілуі мүмкін.

7.7 Жастар ісі жөніндегі комитеттің жетекшісі білім алушылардың құқықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады, ДМШ білім алушылардың әлеуметтік қолдау саласындағы қажеттіліктерін анықтайды, бейімделу мен әлеуметтенуге көмек бағыттарын айқындайды.

7.8 Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент қолайлы психологиялық ахуал құруды, жеке және кәсіби өсүді ынталандыратын жағдайларды қалыптастыруды, мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдардың психологиялық қоргалуын, олардың психикалық денсаулығын қолдауды және нығайтуды қамтамасыз етеді.

7.9 Ақпараттық технологиялар департаменттің маманы ДМШ білім алушыларға оку ақпаратын берудің, игерудің және молайтудың қосымша тәсілдерімен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі, оқытушыларға ақпараттық технологияларды пайдалануда көмек көрсетеді.

7.10 Қажет болған жағдайда біліктілікті арттыру бөлімі біліктілікті арттыру шеңберінде университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы үшін, оның ішінде ДМШ білім алушылардың психофизиологиялық ерекшеліктері, оку ақпаратын қабылдау-беру ерекшеліктері, әртүрлі технологияларды ескере отырып, оқытудың арнайы техникалық құралдарын қолдану туралы білім алуға бағытталған бағдарламалар бойынша сабактар ұйымдастырады.

8. КОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1 Университет Жоғары білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді іске асыру мәселелері бойынша кеңестер ұйымдастырады және өткізеді, ашық ішараларға, оның ішінде конференциялар мен семинарларға, дөңгелек үстелдерге және басқа да іш-шараларға қатысады.

8.2 Университетте тәжірибелі зерделеу негізінде оқыту әдістемесін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізеді.

8.3 Қызметтің осы түрін іске асыру үшін жауапкершілік университеттің Академиялық мәселелер жөніндегі Атқарушы директоры-проректорына жүктеледі.

8.4 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар университеттің жергілікті нормативтік актілері үшін белгіленген тәртіппен енгізіледі.